

Төтенше жағдай жариялау туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданының әкімінің 2018 жылғы 14 қарашадағы № 03 шешімі.
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 15 қарашада № 5005 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағы [13\) тармақшасына](#), Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының [48 бабына](#) және 50 бабының [2 тармағы](#) 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" [қаулысына](#) және төтенше жағдайлардың алдын алу және жою бойынша аудандық комиссия отырысының 2018 жылғы 15 қазандағы № 4 хаттамасына сәйкес, Қарқаралы ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарқаралы ауданы Қарқаралы қаласында техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Төтенше жағдайды жою басшысы болып Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары М.Т. Садуақасов тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.
3. Осы шешімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.
4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К. Максұтов